

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТИ
ФИЗИКАЛЫҚЛЫҚ ЖӘНЕ ХИМИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ
БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№__7__ ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы
жыл

26. 4. 2024 ж.

Қатысқандар: АК төрағасы:

А 1.Досымов Е - Физика кафедрасы, PhD, аға оқытушы

**К
мүше
лері:**

- | | | |
|----|------------------|---|
| 2. | Полатұлы С. | Физика кафедрасы, оқытушы |
| 3. | Абжалов Б.С. | Химия және экология кафедрасы, х.ғ.к., доцент |
| 4. | Алтынбеква М.О. | Химия және экология кафедрасы, х.ғ.к., доцент |
| 5. | Сейтов Б.Ж. | Физика кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 6. | Сайдахметов П.А. | Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті,
физика кафедрасының доценті |
| 7. | Перне Н | 6В05348 –Физика ББ студенті |
| 8. | Каримжанов Я | 7М05325 –Физика ББ магистранты |

Қатыспағандар: -

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау.
2. Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тындалды:

АК төрағасы Е.Досымов: Саламатсыздар ма, құрметті Физикалық және химиялық ғылымдар даярлау бағыты бойынша академиялық комитет мәжілісінің мүшелері, наурыз айындағы мәжілістің күн тәртібіндегі қарастырылатын мәселелерге келетін болсақ: бірінші мәселе, ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау; екінші мәселе сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау. Күн тәртібіне қатысты ұсыныстарыңыз бар ма?

Күн тәртібі бекітілсін. Бүгінгі мәжілісте осы аталған мәселелер бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырып, өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөз кезегін физика кафедрасы, PhD, кафедра меңгерушісі Сейтов Б.Ж. алды: күн тәртібіндегі ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау және ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау мәселелері бойынша тоқталсам білім беру бағдарламаларын әзірлеумен университет Ректоры бұйрығымен кадрлар даярлау бағыттары бойынша құрылатын Академиялық комитеттер (АК) айналысады, олардың құрамына академиялық

персоналдың, жұмыс берушілердің, білім алушылардың өкілдері кіреді. ББ әзірлеу 4 (төрт) кезеңнен тұрады: 1) ББ әзірлеуге дайындық; 2) ББ жобалау; 3) ББ құрылымдық элементтерін әзірлеу; 4) ББ әзірлеу сапасын бағалау. ББ әзірлеуге дайындық кезеңінде университетте әзірленетін ББ тізбесі айқындалады. Әзірленетін ББ тізбесін айқындау үшін АҚ жетекшілігімен: 1) нарықтың ағымдағы және болашақ қажеттіліктері анықталады: а) қазір және болашақта қандай мамандар қажет; б) түлектердің жұмысқа орналасу болашағы қандай (тапшылық немесе профицит). 2) кадрлар даярлау нарығына талдау жүргізіледі: а) өңірде жақын өңірлерде кадрлар даярлау нарығында бәсекелестер бар ма; б) бәсекелестердің күшті/әлсіз жақтары. 3) ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктеріне талдау жүргізіледі: а) қажетті кадрлық ресурстардың болуы; б) қажетті материалдық-техникалық, ақпараттық және қаржылық ресурстардың болуы.

АҚ мүшесі – Перне Н: Құрметті АҚ мүшелері сәуір айында атқарылған іс шаралар: ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау және ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау мәселелері бойынша талдаулар жүргізіліп, талқыланды.

Шешім: Сәуір айындағы Академиялық комитеттің күн тәртібіндегі қарастырылған мәселелердің нәтижесі қанағаттандырылсын.

Мәжіліс төрағасы:



Е.Досымов

Хатшысы:



С.Полатұлы